

"2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Прибрежный ауылдық округінің бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 22/17 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 26/14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 мамырда № 4719 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар аудандық Прибрежный ауылдық округінің бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының мәслихаттың 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 22/17 шешіміне (2018 жылғы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4518 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Сәйкесінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Прибрежный ауылдық округінің бюджетін, соның ішінде 2018 жылға арналған бюджет мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 14886 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 4096 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 10 790 мың теңге;

2) шығындар – 14886 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының 2018 жылғы
28 сәуірдегі № 26/14 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихат сессиясының 2017 жылғы
25 желтоқсандағы № 22/17 шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Қызылжар ауданының Прибрежный ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
	Ішкі сыныбы			
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	14 886
1			Салықтық түсімдер	4 096
	01		Табыс салығы	2 282
		2	Жеке табыс салығы	2 282
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 814
		1	Мүлікке салынатын салықтар	207
		3	Жер салығы	107
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 500
4			Трансферттердің түсімдері	10 790
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	10 790
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	10790

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
Әкімші				
	Бағдарлама			
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	14 886
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	11 736
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11 736
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11 428
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	308
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 500

	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 250
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250
13		Басқалар	1 650
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 650
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 650
		3) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		4) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		5) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК